

# МҰРАТБАЕВ NEWS



## "МЕН ЕЛІМДІ СҮЙЕМІН!" ПАТРИОТТЫҚ ӘНДЕРДЕН ХОР БАЙҚАУЫ



## “ЖАС МАМАН, АЛҒА БАС ҚАДАМ!” ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ

Гимназия педагог-психологтары жас мамандардың бейімділіктерін арттырып және ұжымда жағымды психологиялық көңіл-күй қалыптастыру мақсатында жас педагогтармен психологиялық тренинг өткізді.

# "Ұстазы жақсының- ұстанымы жақсы" ардагер ұстаздармен кездесу кеші өтті.

---

Адам өміріндегі ең қымбат жанның бірі ҰСТАЗ!


Ұстазсыз өмірдің нақты тұтқасын ұстау мүмкін емес."Ұстаз"деген адамның жанына ақыл, білім дәнін сеуіп, аялап көңілін табатын, өнеге мен тәрбие беретін,болашаққа жол көрсететін ардақты, киелі үлкен құрметке лайықты жандар. Ардагер ұстаздарға алғыс хаттар табысталып, гимназиямызда еңбек етіп, бүгінгі күні зейнетке шықса да өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп отырған ардагер ұстаздармен "Ұстазы жақсының-ұстанымы жақсы" атты кездесу кеші ұйымдастырылды.

Ұстаздың еңбегі-ұлы еңбек!

2023 жылдың 28 желтоқсан күні Жамбыл облысы әкімі Қарашөкеев Ербол Шырақбайұлы Жамбыл облысы, Байзақ ауданындағы Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясының орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Салимова Азиза Азизовнаға Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Алғыс хаты» мен «Алтын барыс» төсбелгісін салтанатты түрде табыстады.

Салимова Азиза Азизовна - 38 жылдық педагогикалық еңбек өтілі бар, педагог-зерттеуші санатты, оқушылары аудан, облыс, республика көлемінде үлкен жетістіктерге жетіп жүрген білікті ұстаз.

Әріптесімізді марапатымен құттықтап, шығармашылық табыс тілейміз!



# Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада нәтижесі

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңіне гимназиямыздан 30 оқушы қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Олар:

## **I ОРЫН АЛҒАН оқушылар:**

Ынтымақ Нұрсауле қазақ тілі

Жетекшісі: Кудериева Бақыт Жақсылыковна

Сарваров Мурат қазақ тілі( орыс сыныбы)

Жетекшісі: Жунисова Роза

Хачатурян Меланья орыс тілі( орыс сыныбы)

Жетекшісі:Мукамбетова Жамилия Жалгашевна

Бондарь Катерина орыс тілі( орыс сыныбы)

Жетекшісі: Салимова Азиза Азизовна

Атагулов Анес орыс тілі(орыс сыныбы)

Жетекшісі:Салимова Азиза Азизовна

Кочкумбаева Жұлдыз ағылшын тілі

Жетекшісі:Туғанбаева Ақмарал

## **II ОРЫН АЛҒАН оқушылар**

Тазабек Шұғыла Қазақстан тарихы

Жетекшісі: Курманбаева Нуржамал Ережепбаевна

Рашид Алина орыс тілі( қазақ сыныбы)

Жетекшісі: Кенбаева Зульфия Кудайбергеновна

Тлеубай Эльнура қазақ тілі

Жетекшісі: Кокырова Асель Асанбековна

Егемберді Нұршат биология

Жетекшісі: Абдиканова Балжан Аскербековна

## **III ОРЫН АЛҒАН оқушылар**

Бекбосын Гульзия орыс тілі

Жетекшісі: Айдаркулова Джамилия Кадыровна

Бердібек Бекболат ағылшын

Жетекшісі: Джаманкулова Мөлдір

Раймкулова Азиза ағылшын

Жетекшісі:Альменова Асем Сауытбековна

Мартынова Анастасия құқық негіздері

Жетекшісі: Байманова Атиркуль Ахмедовна

Дәуренқызы Нұрай химия

Жетекшісі: Рахметқұлқызы Мөлдір

Нариман Нұрдаулет биология

Жетекшісі: Абдиканова Балжан Аскербековна

Тұрсынбай Аян информатика Жетекшісі: Жунисов Талғат

Жеңістеріңіз құтты болсын! Облыстық кезеңге жолдама алған оқушыларымызға сәттілік тілейміз! Жеңісті күндеріміз көп болсын!

# Іс-әрекеттегі зерттеу деген не және ол қалай жүргізіледі?

2023 жылдың 19 желтоқсан күні Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясында жас мамандарды кәсіби және әдістемелік қолдау мақсатында «Іс-әрекеттегі зерттеу деген не және ол қалай жүргізіледі?» тақырыбында коучинг өткізілді. Коучер: орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-шебер - Айдаркулова Джамиля Кадировна. Коучинг барысында жас мамандарға іс-әрекеттегі зерттеу мен осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізу жолдары туралы ақпарат берілді. Коучингке қатысқан жас мамандар өздерінің кәсіби қиындықтары туралы ойларымен бөлісіп, кәсіби қиындықтарды жеңу жолдарымен танысты. Әріптестерімізге шығармашылық табыс тілейміз!



# **“Тәуелсіздік - тірегім!” сынып сағаты**

Тәуелсіздік - ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы.

Гимназиямызда 6 сынып оқушыларымен сынып сағаты өткізіліп, Құмғанбаев Жұманғали Серікбайұлының ұйымдастыруымен 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай, "Тәуелсіздік - тірегім!" атты оқушылармен рухани құндылықтарға толы сынып сағаты өткізілді.

---

# **“Тәуелсіз елім, кең байтақ жерім” тарихи - танымдық талқылау**

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 32 жылдығына орай 10 сынып оқушыларының қатысуымен «Тәуелсіз елім, кең байтақ жерім» атты тарихи-танымдық талқылау өткізілді. Талқылау Тәуелсіздік жолын көрсететін әсерлі бейнероликпен басталды. Барысында Тәуелсіздік жайлы өлеңдер оқылып, жақсы әсер алып шықты.

# “Әжелер сөзі - ақылдың көзі” кездесу кеші

2023 жылдың 7 желтоқсанында гимназиямызда “Әжелер сөзі - ақылдың көзі” атты ақжаулықты аналарымызбен кездесу кеші өтті. Кездесу кешінің басты мақсаты қыз бала тәрбиесі, ұлттық тәрбие және қазақ халқының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері туралы кең көлемді мағлұмат беру. Қыз бүгін әке шешесінің қонағы болса, ертең бір шаңырақтың ошағының сәні. Болашақ ұрпақтың өз қатарынан озары да қыз бен қыз тәрбиесіне байланысты. «Қыз Жібек» қыздар клубы аясында аудандық “Аналар алқасы” мүшелерімен кездесу болып өтті.

#Біртұтас\_тәрбие

@oqu\_agartu\_ministirligi

@gani.beisembayev

@medetbekovameruert

#Біртұтас\_тәрбие\_жамбыл



# “Jas Leader Akademiiasy” жобасы

Гимназиямыздың өзін өзі басқару “GM Parliament” ұйымымен бірлесе «Jas Leader Akademiiasy» жобасы аясында оқушыларымен бір күндік тренинг өткізілді. Мақсаты: Әртүрлі сыныптардың оқушылары бір-бірімен таныстыру. Факультативке қатыспайтын оқушыларға Jas Leader Akademiiasy бағдарламасының жұмыс форматын көрсету, түсіндіру. Тренингке қатысушыларға командалық жұмыс тәжірибесін және команданың «МІНСІЗ» қатысушысы қандай болуы тиіс екенін түсіндіру.





# ӘРБІР БАЛА - БІР ЖҰЛДЫЗ.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық зерттеу жобалау конкурсының облыстық кезеңі өтті, конкурсқа гимназиямыздың 10 сынып оқушысы Тұрсынбай Аян өз жұмысын ұсынып, жүлделі 2 орын және 11 сынып оқушысы Анарбаева Ақзияш 3 орын иеленді.

“Жамбыл дарыны” ғылыми-практикалық орта-лығының ұйымдастыруымен 2-7 сынып оқушыларына арналған республикалық “Зерде” зерттеу жобалау конкурсының облыстық кезеңі өтті, гимназиямыздың 3 сынып оқушысы Есентай Алмат 2 орын және 7 сынып оқушысы Маматкулова Ақмерей 2 орын иеленді.

Спорт жетістіктерімен гимназиямыздың оқушы-лары: 10 сынып оқушысы Нарбаев Тимур Халықаралық деңгейде армрестлинг спорт түрінен 1 орын және 2 орын, Рашид Казына облыстық деңгейде таеквондо спорт түрінен 1 орынмен оралды.  
Жеңістеріңіз құтты болсын!



# «ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» РУБРИКАСЫ

Жас кезінде өзіміз үйде барда күндіз біздің үйдің есіктері еш жабылмайды. Даладан жарық пен таза ауа кіргізіп, есік жабық болса, мұрынды дереу бітеп қалатын көк иісінен жайымызды сақтап тұрады. Егер бар болып, қарынға тамақ салып алса, жан сақтаудың бұл да таптырмайтын тәсілі. Ал жоқ болса, уақысы жоқ. Адам тамақ ішпей де өмір сүре алатынын біз тәжірибеде көріп жүрген жандармыз. Есік жабық кезде үй ішіндегі адамдар біреуін біреуі әзер көреді. Дастарқандағы тамақты әзер таниды. Әйнектерін кір басқан бір ғана ойық терезе үйге түсер жарықтың қас жауы. Әлгіндей терезеде желдеткіш бола ма? Есік жабық болса, еңсең басылып, үйде емес, үңгірде отырғандай боласың. Таңертеңгі уақыт. Екі есіктің екеуі де ашық. Төр үйде сыз еденге төселген құрым киіздің үстінде төрт көзіміз түгел азанғы шайымызды ішіп отырмыз. Шай емес-ау, ақ су. «Төрт көзге» кіретіндер: әкем Ыдырыс, шешем Әсбет, тәтем (әкемнің інісі) Смағұл, ағайым Сатылған және мен. Бір үйде бес жанбыз. Ауылдағы үлкен де емес, кіші де емес, орташа семья.



**М.Әуезов. «Жетім»**